bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2018

**БӨЛІМ: БАЛАБАҚША**

# Көбелек

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 09.12.2018 | https://bilimger.kz/48713/ |

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Қыпшақова Қымбат Қуанышқызы**

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлім:** Жапсыру

**Тақырыбы:** Көбелек

**Мақсаты**:

1. Көбелек туралы түсінік беру. Көбелектің тіршілігі.
   2. Бейнелі ойлауын, зейінің, қиялын және жапсыру арқылы ұсақ қол қимылдарын
   дамыту.
   3. Табиғатты қорғауға, эстетикалық талғамының қалыптасуына тәрбиелеу.

**Қажетті құрал-жабдықтар:**

**Көрнекілігі:** Көбелектің суреті

**Қостілділік компонент:** көбелек —

| Оқу кезеңі | Тәрбиешінің қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | **Жылулық  шеңбері**<br>**Сәлемдесу**<br>А. Сәрсеновтің «Көбелек» өлеңін оқып беру:<br>Мен тимеймін, жасқанба,<br>Дос болайық, көбелек.<br>Жайнап тұрған бақшамда,<br>Гүлдерімді көре кет.<br>Тұтқиылдан састыра,<br>Жаңбыр жауса себелеп.<br>Тақиямның астына,<br>Тығыла ғой, көбелек. | Сәлемдесу  сөздерін тәрбиешіден кейін қайталап айтады<br><br>Тәрбиешінің сұрағына байланысты, балалар өлең мазмұнын әңгімелеп береді |
| **Ұйымдастыру-іздестіру** | Ұйымдастыру кезеңі<br>Д/о «Кім тапқыр»<br>Мақсаты<br>Көбелектің түсіп қалған қанатын тауып, құрастыру<br>Бүгін осы көбелектер туралы көп нәрсе үйренеміз.<br>1. олар көрмейді екен және естімейді<br>2. Тек жылы мезгілде ғана тіршілік етеді.<br>3. Олар қуыршақтан пайда болады.<br>4. 4 қанаты бар, өте нәзік, гүлмен қоректенеді.<br>5. Қыста ұйықтап жатады.<br>Магнит тақтаға жыл мезгілдеріне байланысты суреттер ілінеді.<br>Ал, балалар кім көбелек туралы тақпақ біледі, тыңдап көрелік<br>Көк көйлек, көк көбелек<br>Көздері дөп дөңгелек<br>Гүл көрсе күлімдейді<br>Қолыма ілінбейді<br>Көк шөптің арасынан<br>Түр — түсі білінбейді<br>Көбелек — ау, көбелек<br>Әдемісің гүлдейсің<br>Ұстап сені не керек<br>Ойнамайсың күлмейсің<br>Көріп жаздың қызығын<br>Гүлден — гүлге самғаймын<br>Гүлдің ерке қызымын<br>Гүлден өзім аумаймын<br>Д/о Көбелек қандай ауа райын ұнатады? Неге?<br>Барысы: Магнит тақтаға жыл мезгілдеріне байланысты суреттер ілінеді, бала қолына көбелек бейнесі беріледі<br>Сәйкес суретті тауып орналастырады, түсінік береді.<br>Ал енді балалар осы әдемі көбелектерді өзіміз қағаз бетіне жапсырып, досымызға силық жасайық<br>1. Ол үшін бізге не жасау керек екенімізді түсіну үшін үлгі керек<br>Тақтаға үлгі ілінеді.<br>Тапсырма.<br>Әр столдағы 4 балағы көбелектің 4 қанаты беріледі, әдемілеп, сәйкестігін тауып, ұқыптылап көбелекті құрастырып, жапсырып шығамыз.<br>2. Қатты қағаздар, көбелек бейнесі, желім, сулықтар қажет. | Тәрбиешіні ынтамен тыңдайды<br><br>Қойған  сұраққа жауап беріп Айсұлумен танысады<br><br>Сөздерді бірнеше рет қайталап айтады<br><br>Айсұлудың киімін тамашалайды<br><br>«әдемі»  сөзін қайталайды<br><br>Ойынның  сөзін тыңдап тәрбиешіден кейін қайталайды<br><br>Ойынды ынтамен ойнайды |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | | |
|---|---|---|
| **Рефлексивті-түзетушілік** | Бекіту:<br>Балалар жұмысы тақтаға ілінеді. Қай жұмыс ұнайды?<br>— Пікірлері сұралады. Неліктен осылай ойлайсың?<br>Қимылды ойын ««Үшінші артық»<br>Тапсырма. Сен неге бұл гүлді таңдадың?.<br>Балалар екі шеңбермен тұрады. | Тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді |

## Күтілетін нәтиже:

| | |
|---|---|
| **Нені білу керек** | Жыл мезгілінің ерекшелігін, көбелектің тіршілік ортасын. |
| **Нені игереді** | Көбелек мүшелерін, қанаттарының ерекшелігін, жеке бөліктерді біріктіре жапсыруды. |
| **Нені біледі** | Жапсыру әдістерін үйренді, ұқыптылыққа, жұмыс жасауға дағдыланды. |

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.